

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СОТ БИЛІГІНІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Оралқанова Инабат Нұрбекқызы

inabat12@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің
құқықтану мамандығының 1 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші-Ибрагимов Ж.И.

Сот билігі – мемлекеттік билік тармақтарының бірі. Заң шығарушы және атқарушы биліктен өзгешелігі – жалпыға ортақ жүріс-тұрыс ережесін (сот прецедентінен басқа) шығармайды, атқару-басқару қызметімен айналыспайды. Сот билігі қоғамда туындап отыратын нақты істер мен дауларды шешеді. Ондай істер мен даулар заңда бекітілген ерекше іс жүргізушілік тәртіпте қаралып, шешіледі. Іс жүргізу тәртібі қатаң сақталады, іс жүргізу нысаны бұзылған жағдайда істің мәні бойынша дұрыс шығарылған сот шешімі де бұзылып, іс қайта қарауға жіберіледі. Сот билігі деңгейі қанша биік болса да сот мекемесіне тиесілі емес, іс қарайтын сот алқасына тиесілі. Сондықтан сот туралы сөз болғанда сот алқасы меңзеледі [1].

1995 жылдың 30 тамызында Республикалық Референдумда қабылданған Ата Заңымыздың 1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырып, өзінің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп жариялады [2].

Конституциямыздың 3-бабының 4-тармағына сәйкес, Республикадағы мемлекеттік билік біртұтас және ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс деп белгіленді. Сот билігінің заң шығару және атқару билігімен бір деңгейде тұру демократиялық мемлекеттің белгісі. Сот билігін басқа мемлекеттік биліктік құрылымдардан бөлу, мемлекеттің құқықтық жоғарлығы принципін, соның ішінде бостандық пен әділдік идеясын жүзеге асыруға нақты түрде жылжуын көрсетеді.

Сот билігінің негізгі мақсаты – қоғамның мүшелерін кез келген бассыздықтан қорғау, яғни басқа азаматтардың бассыздығынан, мемлекеттің, оның органдары мен лауазымды тұлғалардың теріс әрекеттерінен қорғау болып табылады. Мұндай қызметті жүргізбей мемлекет құқықтық деп есептелінбейді. Қоғамда пайда болатын даулардың құқық негізінде шешілуін қаматамасыз ете отырып, қоғамдық өмірдің барлық субъектілерінің заңға бағынуы, сот билігінің заң шығару мен атқару биліктерінен оқшаулануында және олардың қызметіне құқықтық қадағалауды жүзеге асыруында маңызды роль атқарады. Егер де сот билігі Конституцияға сәйкес заң шығару мен атқару билігінің қызметтерін бағалау мүмкіндігі болса, бұл функция нәтиже береді.

Қазақстанның мемлекеттік құрылысының жаңаша қалыптасуы, дамуы кезеңінде келістілік жағдайында қызмет етудің басты құралы – мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының үйлесімді қызмет атқару жүйесін жаңаша оқып-үйрену, зерттеу қажеттігі туындайды. Сондықтан, заң ғылымының кезек күттірмес мәселелерінің бір бөлігі – сот құрылысы, сотта іс жүргізу, мемлекеттегі сот төрелігі дамуы принциптерінің ғылыми-құқықтық, теориялық-тәжірибелік өзекті мәселелері және олардың мән-мағынасын зерттеу болып табылады [3].

Соттардың заң шығарушы билік органдарынан айырмашылығы заң шығармайды. Алайда олардың қызметі заңға тәуелді: сот Конституция мен заңның талаптарына (олардың нормаларын қолдануға және оларды басшылыққа алуға) бағынуға тиіс. Бұл ретте сот заңдар мен өзге де құқықтық актілерді дұрыс қолданумен, олардың Конституцияға, сондай-ақ жалпы танылған халықаралық қағидаттар мен нормаларға сәйкестігі тұрғысынан да баға беруге тиіс. Олардың ҚР Конституциясына сәйкессіздігі жағдайында сот іс бойынша іс

жүргізуді тоқтатуға және Конституциялық Кеңеске осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен жүгінуге міндетті; осы арқылы соттар мен заң шығару процесіне белгілі бір әсерін тигізеді.

Өз кезегінде, заң шығарушылық билік органдары (соттарды ұйымдастыру және олардың қызметін регламенттейтін заңдарды қабылдаумен қатар) ҚР Парламенті Сенатының атынан:

-ҚР Жоғарғы Сотының судьялар корпусын қалыптастырады;

-Судьяларды осы соттың лауазымынан босату туралы мәселені шешеді;

- ҚР Конституциясының 55-бабының 3-тармағында белгіленген жағдайларда судьяларды қылмыстық жауапкершілікке тартуға келісім береді және т.б [4].

Соттар мемлекеттік биліктің атқарушы органдар тармағынан айырмашылығы ұйымдастырушылық және атқарушылық-өкімгерлік қызметпен айналыспайды. Сонымен бірге соттарға атқарушылық билік органдарының, сондай-ақ олардың лауазымды адамдарын осы органдардың іс-әрекеттері мен шешімдеріне шағымдарды қарау арқылы бақылау құқығы берілген. Өз кезегінде, атқарушылық билік тармағының органы ретіндегі әділет министрлігі Конституциялық заңның 31-бабына сәйкес аудандық соттың төрағасы мен судьясына үміткерлерді Президентке ұсыну арқылы аудандық соттардың қызметін кадрлық қамтамасыз етуді жүзеге асыруға тиіс. Сонымен бірге, Әділет министрлігі мен оның басқармасы кез келген буындағы соттарға қатысты сот төрелігін жүзеге асыру бойынша олардың қызметне араласпау қағидатын қатаң сақтау жағдайында заңмен берілген функцияларды жүзеге асыра. Сот билігі ҚР Конституциясында соттарға берілген билік ету өкілеттіктеріне байланысты тепе-теңдік пен ара салмақтар жүйесі арқылы олармен өзара іс қимыл жасай отырып, заң шығарушылық және атқарушы биліктің шешімдеріне әсерін тигізеді. Осындай мәртебемен сотқа құқық мәселелері мен фактілерді шешуде көлемді құзырет берілген. 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясының ережелеріне сүйене отырып, Қ.Ә.Мәми сот билігінің мынадай негізгі белгілерін бөліп көрсетеді:

Бірінші белгі – бұл билік конституциялық бекітілген біртұтас мемлекеттік биліктің тармағы болып табылады. Осыған байланысты оны мемлекеттік қызметтің түрі деп толық айқындауға болмайды, не көптеген мемлекеттік органдар билік тармағының табиғатына келе бермейтін қызметтерді орындайды.

Екінші белгі – сот билігінің тек арнайы мемлекеттік органдарға – Конституцияда белгіленген тәртіппен құрылған соттарға тиесілі.

Үшінші белгі – оны өз кезегінде Конституцияда көзделген тәртіппен құрылатын арнайы мемлекеттік органдарда құруда; сот алдында жеке міндеттері мен мақсаттарын қоюда және оларды жеке құзыреттерімен бөлуде, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен жеке қаржыландыруда көрінетін ұйымдастырушылық, функционалдық және қаржылық дербестікке ұсынатын сот билігінің тәуелсіздігі.

Осы биліктің тәуелсіздігі оның басқа мемлекеттік органдарға: Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Парламентіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне бағынбайтындығын білдіреді. Сонымен бірге абсолюттік, толық тәуелсіз соттар да болмайды, өйткені олар Қазақстан Республикасының Конституциясы мен басқа да заң актілерінің талаптарына бағынуға тиіс. Соттардың заңсыз шешімдерін тек сот күшін жоя алады, ал басқа құрылымдар ондай құқықты иеленбейді.

Төртінші белгі – бұл мемлекеттің атынан сот билігін жүзеге асыруы: Қазақстан Республикасының атынан үкімдер мен соттардың өзге де шешімдерін жария ету.

Бесінші белгі– сот төрелігінің, яғни құқықтық даулар мен істерді қарауға байланысты жүзеге асыру.

Алтыншы белгі – осы билікті Конституция, заңдар, өзге де нормативтік құқықтық актілер, республика халықаралық шарттарының негізінде туындаған дауларға ғана қолдану. Сот мораль, діни, қызметтік әдеп нормаларын бұзуға байланысты жанжалдарда қарамайды және шешпейді.

Жетінші белгі – осы билікте оның қызметіне тән іс жүргізу (талап арыз ісін жүргізу, процеске айыптауға және қорғауға қатысу).

Сегізінші белгі – осы биліктің құқық қорғау сипаты, қызметінде осыған байланысты екі қыры бөлініп шығады: құқық пен заңның үстемдігін қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау.

Тоғызыншы белгі – оның шешімдерін мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз ету.

Жазылғандарды ескере отырып, сот билігін Қ.Ә.Мәми азаматтардың, мемлекет пен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау мақсатында құқықтық даулар мен істерді шешу және оларға жүктелген басқа да міндеттерді орындау бойынша заңмен берілген өкілеттікпен Конституцияда көзделген тәртіппен құрылатын, ерекше іс жүргізу нысандарында жұмыс істейтін және мемлекеттің барлық аумағындағы міндетті сипаттағы шешімдерді шығару құқығы бар, оны мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз ететін арнайы мемлекеттік орган ретінде мемлекеттің атынан іске асыратын, Конституцияда белгіленген біртұтас мемлекеттік биліктің тәуелсіз тармағы ретінде айқындайды [5].

Конституция мен соттар туралы Конституциялық Заңда сот билігін іске асырудың негізгі және маңызды нысаны сот төрелігін жүзеге асыру болып табылатыны айқындалған. Ғылыми әдебиетте сот төрелігі ұғымы оның түрлі қырларында ашылады. Авторлардың көпшілігі сот төрелігін сот отырыстарында іс жүргізу тәртібімен жасалатын арнайы мемлекеттік органдардың материалдық нормаларын қолдана отырып, азаматтық, қылмыстық және өзге істерді қарау және шешу жөніндегі қызметі ретінде айқындайды [6].

Осы анықтама, сондай-ақ ҚР Конституциясының 75 және 78-баптары мен соттар туралы Конституциялық Заңның нормаларын талдау сот төрелігінің мәнін, мазмұнын және мағынасын ашатын негізгі спецификалық белгілерін бөлуге мүмкіндік береді. Олардың қатарына мыналарды жатқызуға болады.

1. Сот төрелігін мемлекеттің атынан арнайы мемлекеттік орган – сот жүзеге асырады. Соттардың толық тізбесі ҚР Конституциясында және сот жүйесі туралы Конституциялық заңда айқындалған. Соттардың мәртебесінің өзгешелігі олардың ұйымдастырылуының ерекшелігіне байланысты;
2. Сот төрелігі іс жүргізу заңнамасында (ҚІЖК, АІЖК) белгіленген тәртіппен қылмыстық, азаматтық және өзге істерді қарау (істің нақты мән-жайларын анықтау мақсатында дәлелдемелерді зерттеу арқылы) және шешу (қаулыларды, үкімдерді және басқа да сот актілерін шығару арқылы) арқылы жүзеге асырылады;
3. Істер және қорғау тараптарының, сондай-ақ дәлелдемелерді зерттеуге белсенді қатысу құқығы берілген процестің басқа да қатысушыларының міндетті қатысуымен сот отырыстары нысаныда қаралады. Бұл ретте сот қорғау немесе айыптау жағына шықпайды. Ол сот отырысында қаралған дәлелдемелерді зерттеуге және бағалауға әрі заңның талаптарына сай келетін шешім шығаруға тиіс;
4. Соттың үкімдері, қаулылары, ұйғарымдары және шешімдері олар заңды күшіне енген сәттен бастап заң күшіне ие болады, сондықтан да республиканың барлық аумағындағы барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдардың және азаматтардың орындауы үшін міндетті болып табылады. Заңды күшіне енген сот актісін орындаудан жалтару заңнамада белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады. Сот актілерін тек жоғары тұрған соттар және тек іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен өзгертуі немесе күшін жоюы мүмкін.
5. Сот төрелігі Конституцияда, сот жүйесі туралы Конституциялық заңда және басқа да нормативтік құқықтық актілерде бекітілген идеяларды басшылыққа алатын, сот төрелігін және өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кезінде сот қызметін ұйымдастыру мен тәртібінің мәнін және мазмұнын айқындайтын негізгі ережелерден тұрады [7].

ҚР Конституциясының 75-бабында және “ҚР сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы” 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық Заңның 1-бабында аталғандай, “Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот жүзеге асырады. Сот төрелігіне нақты адамды қылмыс жасауға кінәлі деп тану және оған жазалау, не заңда белгіленген әсер ету шарасын тағайындауда, сондай-ақ заңсыз және негізсіз жауапкершілікке тартылғандарды ақтау кезінде шешуші сөз оған тиесілі.

Сот төрелігі – адам мен азаматтың, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың, лауазымды адамдардың аса маңызды құқықтары мен заңды жүзеге асыруға тікелей қатысы бар құқық қорғау қызметінің функциясы.

Оның міндеттеріне басқа да құқық қорғау функцияларын да орындау бағындырылған. Мысалы, қылмыстық іс бойынша сот төрелігі, егер осы іс алдын ала құзыретті органдар жан-жақты және толық тергемесе, егер олар барлық қажетті дәлелдемелерді анықтамасы және т.б. заңды, негізді және әділ жүзеге асырылмаған болар еді. Сондықтан, сот төрелігі – құқық қорғау қызметінің тұтастай алғанда жүрегі [8].

Процесте немесе сот төрелігін атқару қорытындысы бойынша қабылданатын, заң әдебиеттерінде сот төрелігі актілері деп аталатын сот шешімдері(қылмыстық істер бойынша үкімдер, азаматтық істер бойынша шешімдер) заңнамаға сәйкес ерекше сипаттар беріледі. Олардың бірі – жалпыға міндеттілік. Ол, атап айтқанда, заңды күшіне енген үкім, ұйғарым немесе істі қараған кезде сот шығарған қаулының барлық мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар, мекемелер мен кәсіпорындар, лауазымды адамдар мен азаматар үшін міндетті және Қазақстан Республикасының барлық аумағында орындауға жататындығын білдіреді. Сот шешімін орындамау немесе орындауға кедергі келтіру осыған кінәлі адамдарға қатысты түрлі тектегі санкцияларды қолдануға әкеледі. Мысалы, ҚР Қылмыстық кодексінің 362-бабына сәйкес сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісіно ырындамау айыппұл салуға не қоғамдық жұмыстарға тартуға, не қамауға алуға әкеп соқтырды.

Сот төрелігінің басқа да айырмашылық белгісі, мемлекеттік қызметтің осы түрі заңда егжей-тегжейлі регламенттелетін қатаң тәртіпті мақтау арқылы жүзеге асырылады. Айырмашылық белгілерге, ең соңында, тек ерекше орган – сот(судья) жүзеге асыратын жатады. “Соттың ерекше өкілеттігін басқа органдарға беруді көздейтін заң актілерін шығаруға тыйым салынады. Ешқандай өзге органдар мен тұлғалардың судья өкілеттігін немесе сот билігі функцияларын иеленуге құқығы”, - деп “Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы” ҚР Конституциялық заңында белгіленген.

Аталған айырмашылық белгілерді ескере отырып, сот төрелігін соттың сот шешімдерінің заңдылығын, негізділігін, әділдігін және жалпыға міндеттілігін қамтамасыз ететін заңның талаптары мен онымен белгіленген тәртібін бұлжытпай сақтау кезінде азаматтық, қылмыстық және өзге де заңмен белгіленген сот ісін жүргізу нысандарын қарау бойынша құқық қорғау қызметін жүзеге асыру ретінде айқындауға болады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабының 3-тармағына сәйкес судья сот төрелігін жүзеге асыру кезінде төмендегі негізгі принциптерді басшылыққа алуы тиіс:

1. кінәсіз деп жорамалдау;
2. бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық жауапқа тартуға болмайтындығы;
3. заңда көзделген соттылықты өзгертуге жол бермеу;
4. әркімнің өз сөзін тыңдатуға құқылығы;
5. жауапкершілікті күшейтуге және жауапкершілікті жеңілдетуге жол берілмейтіндігі;
6. айыпталушының өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес;
7. ешкім өзіне-өзі, туыстары мен жақын адамдарына қарсы айғақ беруге міндетті еместігі. Діни қызметшілер өздеріне сеніп сырын ашқандарға қарсы куәгер болуға міндетті емес.
8. адамның кінәлі екендігі жөнінде кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылатындағы;
9. заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайтындығы. Ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде сотталуға тиіс емес;
10. қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасында сот билігін тікелей жүзеге асыру төменде қаралатын басты принциптерге негізделеді.

Заңдылықтың сақталуы. Заңдылық мемлекет пен құқықтың жалпыға бірдей принцип болып табылады, ол жас, егемен Қазақстан үшін толық дәрежеде сотты ұйымдастыру мен оның қызметіне де қолданылады. Заңдылық принципі демократияның аса маңызды элементі болып

табылады. Бұл екі ұғым бір-бірімен мейлінше өзара байланысты, өзара тәуелді: елде демократиясыз заңдылықтың болуы мүмкін емес, керісінше, мемлекетте заңдылық сақталмай демократияның болуы да мүмкін емес. Құқықтық мемлекеттің сот төрелігінде заңдылықтың сақталуы принципі заңдылықтың аса маңызды талаптарының сот қызметіне қолданылуын көздейді. Заңдылықтың демократиялық саяси биліктер және басқа жағдайларда көрінетін негізгі қысқаша нақтыланған түрі В.Н. Кудряцевтің пікірі бойынша төмендегідей:

- құқықтың жалпыға ортақтығы, яғни заңның араласу қажетін барлық қоғамдық қатынастар билеп-төстеу жолымен емес, заңмен реттелетіндей заңдылық қажет;
- Конституция мен заңның басымдығы;
- Барлық адамдардың заң алдындағы теңдігі;
- Құқықтарды жүзеге асыратын арнаулы және заңдық механизмдердің болуы (міндеттерді қатаң сақтау мен орындау; субъективтік құқықтарды пайдалану үшін кедергісіз мүмкіндіктердің болуы);
- Құқықты кепілді, сапалы қолдану, құқық бұзушылыққа қарсы белсенді және батыл күрес жүргізу, заңды бұзғандардың бәрінің заң алдындағы сөзсіз жауаптылығы;
- Құқықтық тәртіптің тұрақтылығы, баяндылығы, құқықтық реттеудің барлық тетіктерінің тиімді жұмыс істеуі.

Осы талаптар заңдылықты қалыптастырады; бұл талаптардың жиынтық сипаттама болуы қоғам өмірінен билеп төсеудің, жеке өктемдіктің, бақылаусыздықтың жойылуына жағдай жасайды және түпкі нәтижесінде заң нормаларында көзделгеннің бәрі нақты іске асады, адамдардың – қоғамдық қатынас қатысушыларының іс жүзіндегі мінез-құлқынан көрініс тауып, бұл қатынастардың шын мәніндегі заңдылығы қатаң құқық тәртібіне айналу үшін оларды заңдылық мұраттарына сәйкес келтіруді көздейді [9].

Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Әрбір азаматқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың лауазым иелерінің және басқа да адамдардың, оның республика конституциясы мен заңдарында көзделген құқықтарына, бостандықтарына және заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін кез келген жөнсіз шешімдері мен іс-әрекеттерінен сот арқылы қорғалуына кепілдік беріледі. Ешкімді заң мен әділеттіктің барлық талаптарына сәйкес білікті, тәуелсіз және байыпты сотта ісінің қаралуы құқынан айыруға болмайды. Барлық соттарда және сотта іс-жүргізудің кез келген деңгейінде азаматқа білікті заң көмегімен алу және қорғалу құқығына кепілдік беріледі.

Азаматтық қоғам қалыптастыру жағдайындағы адам құқықтарына байланысты мәселелерді қараған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда аса маңызды тұжырымдар жасалады. “Сот қылмысқа қарсы күресетін орган болмауға тиіс, ол адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етуді, сотта заңдылық тәртібін орнықтыруды мақсат етуі керек” деп көрсетіледі.

Қазақстан Республикасында белгілі бір ұлтқа жататындағына, діни ұйымға мүшелегіне немесе мүліктік жағдайына байланысты ешкімге сот төрелігін жүзеге асырудан бас тартылмайды.

Тараптардың жарыспалығы мен тең құқылығы. Жарыспалық принципі сот процесінің мазмұнына айтарлықтай ықпал етеді. Бұл тұжырымдамадағы мыны мәселені бірінші кезекте, ата көрсетуі қажет: Яғни прокурорлар мен адвокаттар соттардың іс қарауына тараптардың теңдігі мен прцестің жарыспалылығы принциптері негізінде қатысады, кез келген тараптың өз пікірін айтуға және өзінің көзқарасын қорғауға құқығы бар.

Сотта іс қарау барысында істің жағдайларын зерттеуде толықтық, жан-жақтылық және объективтілік, әділеттілікпен көз жеткізу, сот процесінің үздіксіздігі, сотта іс қарау кезінде тараптардың іс жүргізуге қатысты тең құқықтығы жөнінде талаптар орындалуы үшін жарыспалылық процесін жүзеге асыру қажет. Атап айтқанда, бұл орайда профессор Б.Н.Безлепкин былай ой түйеді: “Соттың қылмыстық істегі алдын-ала тергеудегі кемшіліктер орнын қылмыстың істі қайтармай-ақ сот тергеуі институтын жетілдіру, оны айыптаушы және қорғаушы тараптардың шын мәніндегі жарыспалылығы негізінде құру, оларға жаңа дәлелдер

ұсыну жөнінде кең өкілеттіктер беру, сотта іс жүргізудің алдын ал тергеу әдістерінен сот қызметі дейтін ақиқаттан аулақ жатқан, жабайы, күні өткен әдістерден бас тарту есебінен толтыруға болады және солай болуға тиіс”.¹ Осылайша, жарыспалылық процесі қылмыстық істі қосымша тергеуге жіберу сияқты зиянды тәжірибеден арылуға мүмкіндік береді [10].

Сот төрелігінің принциптері сот және сот құрылысы туралы заңнаманың дамуында Қазақстан Республикасында заңдылықты және адам мен азаматтың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Сот төрелігінің принциптері Қазақстандағы бірінғай сот жүйесін ұйымдастырды және оның қызметін тікелей реттейтін ортақ қағидалар болып табылады. Сот төрелігін жүзеге асыру кезінде конституциялық принциптерді бұзу әділетсіз сот қаулыларының шығуына әкеп соқтырды және сот төрелігінің мақсаттары мен міндеттеріне қайшы келеді [11].

Шет мемлекеттерде сот билігін ұйымдастырудың жалпы сипаттамасы. Сот билігі барлық өркениетті мемлекеттерде тұтас сот органдарына жүктелген белгілі, олардың әрқайсысы жүйедегі орнына қарамастан нақты істерді дербес шешеді. Демократиялық қоғамда сот билігінің әлеуметтік ролі түрлі заң тартыстарда құқық үстемдігін қамтамасыз етуде көрінеді. АҚШ-тың француз зерттеушісі Алексиса де Токвила “Демократия в Америке” кітабында әлеуметтік ролін өте дәл келтірген: “Сот төрелігінің ұлы мақсаты зорлық мұратын құқық мұратына өзгертуден, үкімет пен олар пайдаланатын күш арасында құқықтық бөгет орнатудан тұрады” [12]. Сот төрелігі мемлекеттік зорлықты өркениет шеңберіне шығарып қана қоймай, құқық негізінде жеке субъектілер арасындағы тартыстарды да шешеді. Осылайша, сот билігі қоғамдық қарым-қатынасқа әсер ететін пәрменді құрал болып табылады. Қоғамның құқық танымы деңгейі жоғары батыс мемлекеттер үшін сот шешімінің орындалмауына жол беру мүмкін емес әрі кешірілмейді.

Шет мемлекеттердің басым көпшілігінің сот жүйесі неғұрлым кең тараған екі модельдің біреуіне жатады: англосаксондық(англо-американ) немесе роман-германдық(еуропа континенті). Соңғы кездері екі модельдің жақындасу үрдісі байқалғанын атап өткен жөн. Англосаксондық елдерінде құқық барған сайын сот құрылысы мен сот ісін жүргізуді заңнамалық реттеуге айналуға, ал континентальды жүйедегі елдерде судьяларға қоғамдық қатынастарды заңнамалық реттеудегі проблемаларды өз шешімдерімен толықтыру құқығы беріледі, яғни соттарға кейбір шамада құқық шығару функциясы берілгенін білдіреді. Әлемдегі барлық елдердің дерлік Конституциясы сот жүйесінің немесе соттардың түрлерін белгілейді, қандай арнайы соттар жалпы заң құзырындағы соттармен қатар құрыла алатыны көрсетеді.

Сот билігі басшылыққа алатын басты ұйымдастыру қағидаты барлық жерде бірдей тек заңға бағынатын судьялардың тәуелсіздігі, оның кепілдіктерінен ажырамас тұтастығында; қызмет атқарған уақытында ауыстырылмайтындығы, иммунитеті, көтермелеудің азаймайтындығы болып табылады.

Бірқатар елдердің Конституциясы халықтың ең алдымен, алқа биі ретінде сот төрелігін атқаруға қатысуын көздейді.

Сот төрелігін атқаруды сапалы ұйымдастыру үшін сот шешімдеріне шағым беру құқығы түрінде көрінетін сатылық қағидатының маңызы зор.

Төтенше соттарға тыйым сала отырып, заңды түрде белгіленген соттардың ғана сот төрелігін атқаруының конституциялық қағидаты кең таралған.

Сот процесінің негізгі қағидаты ретінде сот жүйесі қызметі қағидатын бөліп көрсеткен жөн. Сот процесінің кең таралған конституциялық қағидатын жариялылық болып табылады. Бұл қағидат АҚШ, Жапония, Италия, Испания сияқты көптеген демократиялық мемлекеттердің конституцияларында бекітілген. Судьялардың тек заңмен байланыстылық қағидаты өте кең таралған. Осы қағида судьяның істі шешу кезінде кімнен болсын ешқандай нұсқау алуға тиіс еместігін білдіреді, заңға қатысы бойынша төменгі тұрған нормативтік актілердің қаншалықты заңға сәйкес келгенінше маңызы бар.

Сот билігінің континентальды үлгісінің негізгі белгілері: соттарды ұйымдастыру мен оның қызметін айқындайтын күшті дамыған заңнамалық база; құқық көзі ретінде сот прецедентін

шартты түрде мойындамау. Сот шешімдеріне шағым берудің апелляциялық нысанымен қатар кассациялық және телидарлық нысандарын пайдалану; процесте судьяның белсенді ролі; алқа билері мен әлемдік судьялар институттарының аз таралуы; төмен деңгейдегі кәсіпқой судьяларды ерекше тағайындау; кадрлық функциялар мен өкілеттіктермен бірге толық немесе ішінара судьялық өзін-өзі басқару органдарын құру болып табылады [13].

Қазақстан Республикасындағы судьяның құқықтық мәртебесі.

Сот құрылысында барлық деңгейдегі судьялар айрықша орын алады, өйткені судья – бұл Қазақстан Республикасындағы сот билігінің өкілі. Ол конституциялық тәртіппен сот төрелігін жүзеге асыру және өзінің міндеттерін кәсіби негізде орындау өкілеттіктеріне ие. Объективті және байыпты сот ісін жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында судьяларға белгілі бір талаптар қойылады:

Ол талаптар төмендегідей:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы және заңдарын бұлжытпай сақтау;
2. Сот төрелігін іске асыру жөніндегі өзінің Конституциялық міндетін орындаған кезде, сондай-ақ қызметтен тыс қарым-қатынаста судья әдебі талаптарын сақтауға және судьяның беделі мен қадір-қасиетін түсіретін немесе оның әділдігі мен алаламаушылығына күмән туғызатын барлық нәрседен аулақ болу;
3. Сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметке заңсыз араласудың кез келген әрекеттеріне қарсы тұру;
4. Судьялар кеңесінің құпиясын сақтау;

Судьяның лауазымы депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сайыспайды.

Судьялар партияларға, кәсіптік одақтарға кіре алмайды, қандай да бір саяси партияны қолдап немесе оған қарсы сөз сөйлеуіне болмайды [14].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. <http://allrefs.net/c1/4ahnb/p18/> Қазақстан Республикасының Конституциясы
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы – Конституция Республики Казахстан. Алматы: “Қазақстан”, 1998, 96-б.
3. Халиков К.Х. Некоторые вопросы борьбы с преступностью в Казахской ССР. Развитие демократических начал в организации и деятельности суда. Алма-Ата. 1987.
4. Алиев Мирбашир Мирахмед Оғлы. «Қазақстан Республикасының Сот жүйесі мен құқық қорғау органдары». Астана, 2004
5. Мақұлбеков Б.Д. Қазақстан Республикасының сот билігі: оқу құралы – Алматы: Айдана, 2003. – 146 бет
6. «Әділет біліктілік алқасы туралы» 2001 жылғы 11 шілдедегі № 234 ҚР Заңы.
7. Халиков К.Х. Проблемы судебной власти в РК. Алматы, 1998 г. С. 3-4.
8. Сулейменова Г.Ж. Суд и судебная власть в РК. – Алматы, 1994. – 236 бет.
9. Сулейменова Г.Ж. Суд и судебная власть в РК. – Алматы, 1994. – 236 бет.
10. Мами К.А. Становление и развитие судебной власти в РК. – Астана: Елорда, 2001
11. Судебные речи известных русских юристов. Сборник. Дело Максименко. Госюриздат. М. 1958. С. 865.
12. Ибрагимов Х.Ю. Правоохранительные органы РК. – Алматы: Дәнекер, 2000. – 11-бет.
13. Международно-правовая защита прав и свобод человека. Сборник документов. М. 1990. С. 324-329
14. Қазақстан Республикасының сот жүйесін дамыту тұжырымдамасы (жоба) // Юридическая газета. – 2001.- 8 тамыз